

DOI 10.54596/2309-6977-2021-2-161-165

УДК 658.512

МРНТИ81.95.31

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ДИЗАЙНДЫҚ ЖОБАДА ҮЙЛЕСІМДІЛІК ПЕН САБАҚТАСТЫҚ ОРНАТУДА
ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Даулетбаева А.Г.

Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Қазақстанда креативті индустрияны дамытудың негізгі мәселелері мен бағыттары және креативті индустрия қарастыратын салалардың бірі болып табылатын дизайн саласының ел экономикасына қосатын үлесі жайлы қаралды. Дизайндық жобалау кезеңіндегі үйлесімділік пен сабақтастықты орнатуда, композициялық шешімдер қабылдауда және дизайн нысандарына тұтас көзқарас қалыптастырудағы тұжырымдаманың құндылығы туралы жазылған. Жобаны іске асыруда тұжырымдама нені анықтау керектігі және дизайн тұжырымдамасын құруда қамтылуы мүмкін ақпараттық блоктар көрсетілген.

Кілтті сөздер: тұжырымдама, композициялық үйлесімділік, креативті индустрия, дизайн, дизайндық жобалау, интерьер дизайн, сәулет дизайны.

**ЦЕННОСТЬ КОНЦЕПЦИИ В СОЗДАНИИ ГАРМОНИИ И
ПРЕЕМСТВЕННОСТИ В ДИЗАЙНЕРСКОМ ПРОЕКТЕ В УСЛОВИЯХ
КАЗАХСТАНСКОЙ КРЕАТИВНОЙ ИНДУСТРИИ**

Даулетбаева А.Г.

КазНАИ им. Т.К. Жүргенова, Алматы, Казахстан

Аннотация

Рассмотрены основные вопросы и направления развития креативной индустрии в Казахстане и вклад сферы дизайна в экономику страны, являющейся одной из отраслей, рассматриваемых креативной индустрией. Написано о ценности концепции в установлении гармонии и преемственности на этапе дизайн-проектирования, принятии композиционных решений и формировании целостного подхода к объектам дизайна. Изложено о том, что должна определять концепция в реализации проекта и какие возможные информационные блоки охватываются при создании концепции.

Ключевые слова: концепция, композиционная гармония, креативная индустрия, дизайн, дизайн дизайна, Дизайн интерьера, архитектурный дизайн.

**THE VALUE OF THE CONCEPT IN CREATING HARMONY AND CONTINUITY
IN A DESIGN PROJECT IN THE CONDITIONS OF THE KAZAKH CREATIVE**

Dauletbayeva A.

T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of arts, Almaty, Kazakhstan

Abstract

The main issues and directions of development of the creative industry in Kazakhstan and the contribution of the design sphere to the economy of the country, which is one of the industries considered by the creative industry, are considered. It is written about the value of the concept in establishing harmony and continuity at the design design stage, making compositional decisions and forming a holistic approach to design objects. It is stated what the concept should determine in the implementation of the project and what possible information blocks are covered when creating the concept.

Keywords: concept, compositional harmony, creative industry, design, interior design, architectural design.

Кіріспе

Креативті индустрия - экономиканы дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттарының бірі, ірі қалаларды әлемдік қоғамдастық үшін ерекше тартымды ететін олардың қозғаушы күші екені айтылады. Бүкіл әлемде креативті индустриялар әлеуеті өнеркәсіптік саясаттың ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Бұл ерекше салалар Ұлыбритания, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ресейде және басқа да көптеген елдерде мемлекеттік қолдауға ие көрінеді. «Алматы-2050» даму стратегиясына сәйкес қала экономикасында креативті экономиканы дамыту бағытында құрылымдық маневрді жүзеге асыру жоспарланған. [1] Қазақстанда соңғы 10 жылда креативті индустрия саласындағы инвестиция көлемі 4 еседен астам ұлғайды. Бүгінгі таңда креативті индустриялардың Қазақстан экономикасына үлесі 2,7% құрайды. Алматы қаласының креативті секторында жұмыс істейтін кәсіпорындар мен адамдар санына талдау жүргізілген. Талдауға сәйкес, 2020 жылдан бастап қаланың креативті индустриялары кәсіпорындарынан түскен салық көлемі 37,7 млрд теңгені, ал көрсетілген қызметтер көлемі 402,8 млрд теңгені құрады делінген. Демек, Алматыда креативті экономиканы дамыту үшін қажетті ресурстар бар екені мәлім болып отыр. [2]

"Креативті индустрия" термині әр түрлі салалармен байланысты: экономикалық саладан әлеуметтік мәдени салаларға дейін. Яғни, адамның тікелей зияткерлік қызметімен байланысты сала деп білеміз. "Креативті экономика" термині алғаш рет Businessweek нью-йорктік журналы 2000 жылы қолданған болатын. Сол кезден бастап бұл термин кеңінен қолданылып жатыр. [3]

Байқалып отырғандай, креативті экономиканың негізі – адам капиталы, шығармашылығы. Оның ойлап тапқан өнімін шығару, сату, экспорттау ел экономикасына айтарлықтай үлес қосылатыны туралы айтылады. Сондықтан индустрияның қамту аймағына шығармашылық қызметтің әр түрлі салалары: дизайн, медиа, сәулет өнері, IT, музей ісі, музыка мен бейнелеу өнері, кинематография кіреді.

Дизайн ғұмыры жас сала болғанымен де, болашағы зор, бастамасы үлкен мамандықтың түрі екендігіне көз жеткіземіз. Айналамызды қоршаған заттар мен қолданыстағы бұйымдардың құрылымдық сапасын анықтап, олардың қасиеті мен сырт келбетінің әсемділігін, әрі функционалдылығын айқындап, сонымен қатар өзге заттармен үйлесімділігін орнатып және осының бәрін адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандырумен қоса біздің стилдік көркем талғамдарымызды ашу үшін арналған сала деп білеміз.

Дизайнер іс-әрекетінің мәні: бір жағынан, бұл дизайн әдісіне айналдырылған білім мен дағдылардың жиынтығы, ол кейіннен дизайн жобасын жасау үшін қолданылады; екінші жағынан, бұл дизайнердің дүниетанымы, оның дизайн объектісіне және айналасындағы әлемге көзқарасы, сонымен қатар жалпылау, синтездеу, маңызды қатынастар мен заңдылықтарды оқшаулау мүмкіндігі.

Интерьерді жобалау - үйлесімді және практикалық кеңістікті құруға бағытталған шығармашылық процесс болып табылады. Кез-келген дизайн тек санада немесе сөзде болатын кейбір идеялардан басталады. Содан кейін ғана бұл идеялар жобаларда жүзеге асырылады, бірақ объектіге деген сұраныстар мен талаптарды толығымен көрсетуі қажет.

Кез-келген интерьер – бұл күрделі пәндік-кеңістіктік орта, оның ойластырылған шешімі адам өмірін жақсартып алады. Оның эстетикалық қасиеттері тұтас көзқарас пен барлық элементтердің өзара үйлесімділігіне және сабақтастығына байланысты.

Дизайн әртүрлі функционалды, эстетикалық, практикалық және техникалық аспектілерді қамтиды. Дизайн жобасын жасау кезінде кәсіби дизайнер көптеген факторларды ескеруі міндетті. Бұл ең алдымен кеңістіктік қатынастар мен пропорциялар. Дизайнер интерьерге қандай мағына беретінін, нені бейнелейтінін шешеді. Ол өз жұмысында орналасудың ыңғайлылығы, эргономика, сауатты жарықтандыру және акустика сияқты ұғымдарды міндетті түрде ескереді. Сондай-ақ денсаулық пен қауіпсіздік талаптарын сақтайды. Сондықтан дизайнерлердің туындылары әрқашан олардың пайдасы мен үнемділігі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар сұлулық пен үйлесімділік ұғымдары тұрғысынан да бағалануы шарт. [4]

Жобалық қызметтің өзара байланысты екі маңызды бағыты бар – дизайндық жобалау және композиция. Жоспарланған тұжырымдаманы жүзеге асыруда маңызды рөлді композициялық принциптер құрылымы атқарады.

Интерьердің кеңістіктік композициясы объектінің планы мен қабылданған функционалды бағдарламасы арқылы анықталады.

Композиция (composition, итал.) құрастыруды, үйлестіруді, біріктіруді білдіреді. Осыдан сәулеттік композицияның жобаны және сәулет нысанын жасаудағы жүйе деп білеміз.

Композиция бойынша жұмыстың әр кезеңінде басымдықтар өзгереді. Демек, жұмыстың әр кезеңінде өзінің басты мәселесі бар. Іс жүзінде жобалау үрдісін жақсы түсіну үшін, оны жекелеген сатыларға бөліп, әр буынының негізгі мақсатына назар аударып отырып жасауға болады.

Үйлесімділік осы аталған барлық құралдар мен дизайн элементтерінің тұтас өзара әрекеттесуі арқылы көрінеді және көптүрліліктегі бірлік ретінде ұсынылады, оған бөліктердің масштабы, пропорциялары, тепе-теңдігі, ырғағы мен бағыныштылығы бірге интерьердің жалпы көңіл-күйін, тақырыбын немесе атмосферасын құрған кезде қол жеткізіледі.

Дизайн-жобалаудың келесі негізгі кезеңдері бар: жоба алдындағы кезең, эскиздік кезең, жұмыс құжаттамасын әзірлеу кезеңі және реализациялау кезеңі.

Жоба алдындағы кезеңде жобалық міндеттер нақтыланады және тапсырыс берушімен келісіледі, гипотезалар жасалады және жетекші дизайн тұжырымдамасы анықталады. Жобаны талдау сатысында қойылған міндеттерге сәйкес жағдайды және нысанды жобалаудың келесі кезеңдерінде дизайнерлер топтық жұмысты ұйымдастырудың қажетті әдістерін, ғылыми, социологиялық және психологиялық зерттеулердің әдістерін, шығармашылық ойлау әдістерін тандайды.

В. Дальдің – «понятие, образ понимания, способ понимания, соображения, выводы» сөздігінде *к о н ц е п ц и я* (лат. conceptio-түсіну, жүйе, біртұтас ой, жетекші ой; соп-жинау, жинақ, біріктіру; certio-беру) деп тұжырымдамаға анықтама берілген. [5]Тұжырымдама - қандай да бір объектілерді, құбылыстарды, процестерді көрудің, түсінудің, түсіндірудің ерекше тәсілін білдіретін және іске асыратын жетекші идея мен қағидаттарды таныстыратын көзқарастар жүйесі теориялық немесе практикалық саладағы белгілі бір жоспар.

Тұжырымдама кең мағынада дизайндық жобалаудың парадигмасы болып табылады. Дизайн тарихында болған тұжырымдамалар: функционализм, коммерциялық дизайн, радикалды дизайн, антидизайн, концептуализм, утопиялық дизайн, жүйелік және кеңістіктік көзқарас, экологиялық көзқарас, тұрақты дизайн.

Тар мағынада, нақты жобаның тұжырымдамасы бастапқы ақпаратты түсінуді және жүйелеуді, авторлық қорытындыларды, түпнұсқа идеяларды қалыптастыруды

қамтиды; іс-әрекет стратегиясын және одан әрі жұмысқа қойылатын талаптарды анықтайды; жобаның идеясын бағалауға мүмкіндік береді. Тұжырымдама жобаның қысқаша мазмұны ретінде құрылымдалады, жеке мәліметтерсіз, тұтынушы үшін объектіні қандай мүмкіндіктермен қамтамасыз ететінін, іске асырылған жоба тұтастай алғанда қалай көрінетінін жалпы түсіну болып табылады.

Дизайн жобасының тұжырымдамасы:

- негізгі идея, шоғырланған түрде айтылған көшбасшылық идея;
- жобалау мәселесі, ой бірлігі мен оны іске асыру тәсілдерін қамтамасыз ететін жобалау міндеті туралы көзқарастар жүйесі;
- болашақ объектіні, құбылысты немесе процесті түсінудің (түсіндірудің, қабылдаудың) ұсынылатын тәсілі;
- пішіндеу тәсілдерін, композициялық құралдарды таңдау;
- міндеттерді шешу жолдарының жүйесі: әдістеме, жобалау алгоритмдері және жобаны іске асыру технологияларын анықтауы керек.

Жоба бойынша жұмыс барысында тұжырымдама дамуы, өзгеруі мүмкін. Оған дизайндық жобалаудың сыртқы факторлары (қоғамның дүниетанымы, талғамы, дәстүрлері, экономикалық жағдайы, маркетингтік міндеттері және т.б.), сонымен қатар ішкі факторлары – автордың дүниетанымы мен құндылықтары, оның талғамы, тәжірибесі, дизайндық жобалау мәселесін түсінуі әсер етеді. Бұл әрі қарай іс әрекет етуге қажетті бағыттық таңдауы.

Тұжырымдамалық жобалаудың үлесі объектінің жұмыс нұсқасына және жобалық құжаттаманы орындауға жақындаған сайын азаяды. Дизайн тұжырымдамасы бекітілгеннен кейін жұмыс жобасын жасауға болады.

Дизайн тұжырымдамасында шешімнің шығармашылық жаңалығы мен даралығын көрсету қажет. Мұнда тұжырымдаманың авторы өзінің ұсынысымен жобалық шешімге не жаңалық енгізетінін нақты көрсетуі керек. Бұл бейнелі және функционалды не құрылымдық компоненттер болуы мүмкін.

Көркемдік дизайндық жобалау үшін дизайн тұжырымдамасы-бұл шығармашылық сипатталған және нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жобаны құрудың тірек нүктелері жүйесі. Бұл жобаның визуалды бейнесі және қағазға графикалық түрде жазылған нұсқаулық.

Кез-келген объектінің дизайн тұжырымдамасын құру келесі ақпараттық блоктарды қамту мүмкіндігі Т.Ю. Булова мен Д.А. Егоровтың «Формирование дизайн-концепции в рамках курса художественное проектирование интерьера» мақаласында көрсетілген:

1. Идеяның сипаттамасы. Мұнда кез-келген визуализация әдісін қолдануға болады, мысалы, мәтіндік кесте, бейнелі сюжеттер жиынтығы, иллюстрациялар мен суреттер;

2. Ең тиімді баға мен мақсатты аудиторияны анықтау. Дизайн тұжырымдамасын құру кезеңінде кеңістік кім үшін жобаланатынын нақты көрсету керек. Бұл материалды кесте түрінде ұсыну оңайырақ;

3. Пландық шешімдер. Бұл ақпараттық блокта жобаны қалыптастыру кезінде аналогтық пландық шешімдерге назар аудару керек. Берілген интерьерді жобалау кезінде, мұнда бар болған жағдайда нормативтік параметрлерге назар аудару керек;

4. Интерьер дизайнының стилистикалық тұжырымдамасының сипаттамасы. Бұл бөлімде болашақ интерьердің стильдік шешімін сипаттайтын иллюстрацияларды ұсынған жөн. Жеке блокқа белгілі бір стильге тән бөліктерін, түс үйлесімділігін, фактура мысалдарын және т. б. шығаруға болады;

5. Өрлеу материалдарын алдын ала іріктеу. Дизайн тұжырымдамасының бұл бөлімі алдыңғыға сәйкес келеді, онымен біртұтас бола алады.

Осылайша, дизайн тұжырымдамасы эмоционалды бейнені, интерьердің стилистикалық және түстік шешімін, пландық схемаларын, жиһазды, шамдарды және өрлеу материалдарын алдын-ала қарауды қамтиды. Барлық материалдар жүйелі түрде ұсынылуы керек. Дизайн тұжырымдамасы-қол жетімді және ыңғайлы оқылатын түрде енгізілген көркем сурет, шығармашылық ой және функционалды идея екенін аңғарамыз. Дизайн тұжырымдамасы - бұл маманның шебер қолымен жасалған маңызды ақпараттық блок. Тұжырымдаманың міндеті-жобаның негізгі мәселелері бойынша визуалды тізбекті қалыптастыру арқылы түпкі мақсат туралы түсінік алу. [6]

Қорытынды

Қорытындылай келе, авторлық ұсыныстардың жаңалығы мен перспективасы, олардың одан әрі даму ерекшеліктері, тіпті көрерменнің оларды қабылдауының тағдыры дизайн тұжырымдамасына байланысты екеніне көз жеткіземіз.

Дизайндық жобалау кезінде тұжырымдаманың құндылығы - оның осы жобалық үрдісте дизайнердің барлық мақсат-міндетін бірізділік жүйе түрінде алып отыруда маңызды және қажетті жобалау алдындағы кезең екендігін аңғарамыз. Пәндік-кеңістіктік ортасын тұжырымдамалық тұрғыдан ойластырылған шешімдер арқылы адам өмірін жақсарту алатынына көз жеткіземіз. Осы тұжырымдама нысанға тұтас көзқараспен қарауға және сол нысанның барлық элементтеріне өзара үйлесімділік мен сабақтастық орнатуда маңызы ерекше екенін байқаймыз. Дизайндық тұжырымдама жобалау үрдісінде эстетикалық, шығармашылық, адамға деген ыңғайлылық тұрғысын қарастырудан бөлек, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық мәселелерді де ала отырып жұмыс жасауға негізделген кезең болып табылады. Дизайн саласының ел экономикасына үлес қосуына тұжырымдаманың ықпалы зор деп есептеуге болады. Себебі, креативті индустриядағы барлық негізгі аспектілер дизайнердің жұмысындағы осы тұжырымдамалық кезеңде қарастырылады. Демек, креативті индустрия салаларына кіретін дизайн саласы Қазақстанның экономикалық және шығармашылық бағытын дамытуына өзінің үлесін қосады деп қарауға болады.

Әдебиет:

1. <https://egemen.kz/article/263172-almatyda-kreativti-industriya-basqarmasy-qurylady>
2. <https://primeminister.kz/kz/news/almaty-kreativti-industriyani-damytu-lokomotivi-3102023>
3. <https://halqym.kz/economika/4430-kreativt-industriya-degenmz-ne.html>
4. Шмонькин А.А. Психология пространства // Interior DIGEST. - №1(75). - 2007. - С.54-59.
5. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка [Электронный ресурс]. URL: <http://slovardalja.net/word.php?wordid=13757> (дата обращения: 20.06.2019).
6. Т.Ю. Бурова, Д.А. Егоров. Архитектура зданий и сооружений. Творческие концепции архитектурной деятельности. Известия КГАСУ, 2014, № 4(3030).

Әдебиет:

1. <https://egemen.kz/article/263172-almatyda-kreativti-industriya-basqarmasy-qurylady>
2. <https://primeminister.kz/kz/news/almaty-kreativti-industriyani-damytu-lokomotivi-3102023>
3. <https://halqym.kz/economika/4430-kreativt-industriya-degenmz-ne.html>
4. Shmon'kin A.A. Psihologiya prostranstva // Interior DIGEST. - №1(75). - 2007. - S.54-59.
5. Dal' V. Tolkovyj slovar' zhivogo velikorusskogo yazyka [Elektronnyj resurs]. URL: <http://slovardalja.net/word.php?wordid=13757> (data obrashcheniya: 20.06.2019).
6. T.Yu. Burova, D.A. Egorov. Arhitektura zdaniy i sooruzhenij. Tvorcheskie koncepcii arhitekturnoj deyatel'nosti. Izvestiya KGASU, 2014, № 4(3030).